

1998 жылғы 15 тамыздағы N 03-3-ОД бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 4 қазан N 209-ОД бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қазан N 1268 тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Z980213_ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабын басшылыққа ала отырып, Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының-Министрдің 1998 жылғы 15 тамыздағы N 03-3-ОД бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 5 қарашада N 633 нөмірмен тіркелген Бағалардың мемлекеттік тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкциялар қолдану жөніндегі Нұсқаулыққа мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Егер заңды тұлға айыппұлды немесе негізсіз алынған кірісті мемлекеттік бюджетке аудару туралы шешім табыс етілген күннен бастап оны 15 күн мерзімнің ішінде орындамаса, Уәкілетті орган осы ақшаны заңда белгіленген тәртіппен ықтиярсыз өндіріп алу шараларын қабылдауға міндетті".

2. Заң басқармасы (Е.Г.Машинистова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Құжаттамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы (Н.С.Кәкімов) осы бұйрықты Агенттіктің аумақтық бөлімшелеріне жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төрағаның орынбасары С.Ш.Құрманғалиевқа жүктелсін.

Төраға